

С.С. Серікбаева, А.Б. Шәкірова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: Tagat_08@mail.ru.)*

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет: өзара әрекеттестік және өзара ықпал шектері

Мақалада әртүрлі елдердегі дамудың жалпы заңдылықтарының болуын негіздейтін, жаһандану үдерістерін дамытушы жағдайындағы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттестігі мен ықпалдасу мәселелері қарастырылған. Билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасады, ал өзара әрекеттесу ымыраға қол жеткізуге бағытталады. Демократиялық мемлекеттің азаматтары дербес бостандық құқығын пайдаланады, бірақ сонымен бір уақытта олар басқа мемлекеттік институттармен бірге болашақты құру жауапкершілігін бөліседі. Мақалада өз өмірін өз бетімен қалыптастыратын, саяси және әлеуметтік реформаларға белсенді атсалысатын тұлғаның қалыптасуына ықпал етуші азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзара әрекеттестік және ықпал шектерін белгілеу мәселелері ашылған. Бұл мәселені қарастыру қажеттілігі азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзара ықпалының және өзара әрекеттестігінің шекараларын ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан қарау болып табылады. Жаһандану үрдістерін зерттеу мемлекет және құқық теориясының жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістерін, арнайы құқықтық әдістерді, функционалдық-құқықтық, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, тұжырымдамалық әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу нәтижесінде мемлекет пен азаматтық қоғам өкілдерінің ашық диалогына, азаматтық қоғам институттары мен құқықтық мемлекеттің белсенділігіне, олардың өзара әрекеттесуінің мақсаттары мен міндеттерін анықтауға қатысты қорытындылар жасалған. Бүгінгі күні Қазақстандағы азаматтық қоғам институттары үшін өзін-өзі ұйымдастыру, қоғамдық бақылаудың механизмдерін қалыптастыру және дамыту, билік органдарымен мазмұнды өзара әрекет ету диалогын жүзеге асыру қажет.

Кілт сөздер: мемлекет, қоғам, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, құқық, қысым жасау, азаматтық, демократия, саяси-құқықтық талдау, этатистік мемлекет, құқық презумпциясы.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі әлемнің жаһандану дәуірінде мемлекеттің өмір сүруінің басты мақсаты халықтың сұранысын қанағаттандыру десек, ал оның негізгі мазмұны — халықтың, адамдардың егемендігі, олардың табиғи бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады. Құқықтық мемлекетті қалыптастырудың негізгі күші — адам, қалың бұқара. Сондықтан мемлекет пен құқық демократияны дамытып, халықты қоғамның барлық саласын басқаруға қатыстыру қажет. Қазақстанда азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптасу ісіне қазақ ұлтының тарихи ой-санасымен саяси мәдениетінің озық үлгілері қызмет етуі шарт. Азаматтық қоғам бір мезетте өздігінен қалыптасатын қоғам емес. Кейде азаматтық қоғам кез-келген адам қоғамымен немесе мемлекетпен анықталады. Нәтижесінде бұл құрылымдардың ерекшелігі жоғалады. Бұл азаматтық қоғамның өзін, оның қалыптасу жолдары мен мүмкіндіктерін түсінудің қажеттілігін айқын көрсетеді. Осы тақырыпты ашу теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды. Бізді бұл тақырып теориялық тұрғыдан көбірек қызықтырды, өйткені болашақ заңгер үшін заңның үстемдігін жүзеге асыру мүмкіндіктерінің негізделген базасын білу қажет. Бүгінгі таңда мемлекет, қоғам және жеке тұлға арасындағы құқықтық қатынастардың сипатын түбегейлі өзгерту туралы мәселе туындап отыр. Бұл сұрақ көптеген проблемалар тудырды. Кез-келген қоғам нақты белгіленген және нақты мақсаттарға, өмір сүрудің ғылыми негізделген моделіне сүйене отырып, сәтті дами алатындығы белгілі.

Азаматтық қоғам — бұл қоғамдық-саяси өмірдің мемлекеттік емес бөлігі; бұл адамның саяси белсенділігі, жеке адамның және әлеуметтік топтар мен бірлестіктердің әртүрлі қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру және іске асыру жағдайларын қамтамасыз ететін әлеуметтік қатынастардың, ресми және бейресми құрылымдардың жиынтығы. Адам тұлға ретінде, бостандыққа және өзінің табиғи құқықтарын жүзеге асыруға ұмтылады. Бірақ адам әлеуметтік болмыс ретінде қоғамнан тыс, әсіресе мемлекеттен тыс жерде өмір сүре алмайды, сондықтан мемлекет пен үкімет

оның табиғи құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтіреді. Азаматтық қоғам дегеніміз, адамның бір жағынан мемлекетке өз құқықтарын өз еркімен беруін, екінші жағынан, өз билігін жүзеге асыратын азаматтардың мүдделеріне мемлекеттік биліктің шектелуін білдіреді.

Еуропа елдерінің тарихына үңілер болсақ, азаматтық қоғам екі жолмен қалыптасқан: мемлекеттің қатысуымен және мемлекеттің қатысуынсыз. Мемлекеттің қатысуымен заңдар қабылданады және жарияланып, демократиялық жүйе дамиды. Мемлекеттің қатысуынсыз қоғамдық-саяси қозғалыстар мен бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық қоғам қалыптастыру ісіне жұмыла кіріседі. Қазіргі кезеңде елімізде әртүрлі әлеуметтік институттар өмір сүргенімен, олардың барлығы бірдей мемлекет институттарына тиімді әрекет ете алмайды. Азаматтық қоғамда жеке тұлғалар өзін-өзі таныту мүмкіндігіне ие болып, «адам — қоғам — мемлекет» үштігінің пропорционалды түрде даму үрдісін жылдамдата түседі. Мұндай үрдіс елдің экономикалық-саяси дамуы мен халықтың әлауқатының, мәдениеті мен сана-сезім деңгейінің артуымен бірге орнайтын құбылыс болып табылады. «Адам — қоғам — мемлекет» үштігінің дамуы азаматтардың өз жүріс-тұрысын жеке мүдделеріне негіздеп, әрбір әрекетіне жауапкершілікпен қарау санасын жетілдіре түседі.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам ұғымы заң ғылымдарында тұтастықта, жұп құбылыстар ретінде, пайда болуы мен қалыптасуы барысында бірін-бірі өзара анықтай отырып және өзара негіздей отырып қарастырылады. Қызмет етуі мен дамуы барысында олар тығыз байланыста және өзара әрекеттестікте болады, өзара қарым-қатынастар бірлігімен көрініп отырады. Олардың арасындағы перманентті қайшылықтар кейбір жағдайларда дау туғызуы да мүмкін, ол дамыған құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам арасында бейбіт, мәдени, құқықтық механизмдер мен құралдар арқылы шешімін табады [1; 31].

Мақаланың негізгі мақсаты азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы өзара толықтыратын байланыс, яғни билік құрылымдарының шексіз күштілігі саяси-құқықтық жағынан белсенді, өз өмірін өз бетімен қалыптастыратын, саяси және әлеуметтік реформаларға белсенді атсалысатын қазақстандық тұлғаның қалыптасуына ықпал етуші азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзара әрекеттестік және ықпал шектерін белгілеу болып табылады. Аталған мақсатты қарастырудағы қажеттілік заманауи жаһандану үрдістеріндегі азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің әрекеттесуі және ықпал шектерін ғылыми теориялық тұрғыдан да қарастыру болып отыр. Азаматтық қоғамды өзі қалыптастырған және оның өмір сүруін қамтамасыз ететіні мемлекет, іс-әрекетін бақылап отырғанын кейде ұмытып, бар билікті өз уысында ұстауға тырысады. Азаматтық қоғам ықпалы бәсеңдесе, мемлекет атынан әрекет етуші мемлекеттік аппарат басып жаншитын, жыртықшықа айналатындығында айта кету керек. Қоғамның барлық саласына араласып, адам бостандығы мен құқын аяққа басуға дейін баратындығы кәміл. Сондықтан да, олардың өзара әрекеттестік пен өзара ықпал шектерін қарастыру оқырман қауымның қызығушылығын туғызады және зерттеуіміздің объектісі ретінде қарастыруды ұсынамыз. Зерттеу пәні болып отырған құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның ықпалдасу мен әрекеттесу шектерін айқындауда келесідей міндеттерді орындау керек:

- азаматтық қоғамға саяси-құқықтық талдау жасау;
- құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның ұйымдасқан нысаны ретінде қарастыру;
- азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің әрекеттесуі мен ықпалдасу шектерін айқындау.

Теориялық негіздер мен әдістер

Мақаламыздағы зерттеу бағытының әдістемесінің негізін салыстырмалық үрдістер тәжірибесіне сүйене отырып қарастыратын, мемлекет және құқық теориясының жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістерінің жүйесі құрайды. Сонымен қатар, жалпы философиялық, танымдық-ақпараттық, мазмұнды-анықтамалық, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, нәтижелі әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық негізіне З.М. Черниловский, К.С. Гаджиев, Г.Г. Ақмамбетов, А.А. Матюхин, М.Т. Баймаханов, В.С. Нерсисянц, Л.С. Мамут, Е.М. Смагуловтардың ғылыми еңбектері мен мақала авторларының ғылыми жұмыстары алынды.

Нәтижелер

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттестігі қоғамның әлеуметтік өмірінің дамуындағы маңызды фактор болып табылады. Мемлекет пен қоғам өзара тығыз қарым-қатынаста болады, бір-бірінен жүйе болып саналуы да мүмкін болмайды. Мемлекеттің арқасында халық бірлестігі өркениетке кіріп, қоғамға айналады. Мемлекет қазіргі қоғам өмірінде маңызды рөлді

атқарады. Қазақстан демократиялық және құқықтық мемлекет, сонымен қатар дамыған азаматтық қоғамның өтпелі кезеңін бастан кешіруде. Азаматтық қоғам құқықтық мемлекеттің негізгі атрибуты десек те болады. Ең алдымен азаматтық сана-сезімнің жоғарғы деңгейінің қалыптасуы және тұлғаның еркін танымының алғышарттары демократиялық қоғамды шынайы негіздейді, ол мемлекет пен қоғам қарым-қатынасын өзгертеді. Бұл ұмтылыс құқықтық түрде бекітіледі, соның негізінде мемлекет қоғамның бір жүйесі ретінде анықталады. Заң күші мемлекеттен жоғары болғанда ғана мемлекет құқықтық болып табылады. Мемлекет феноменін, оның жүйесі мен құндылығын, құрылымының қағидалары мен тиімді функцияларының механизмін, даму сатылары мен рөлін зерттеу қазіргі таңда адамзаттық қоғамды ұғынумен, оны басқаруда, әлеуметтік субъектілердің құқықтық өмірі мен саяси жетілу мәселесінің өзара байланысы мен өзара түсіністігі, сондай-ақ, билікті кешенді зерттеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Азаматтық қоғам қызметінің тиімділігінің басты шарты азаматтар мен мемлекет арасындағы осындай келісімнің еріктілігі және өзара түсінушілігі болып табылады. Қазіргі саяси ғылымда қоғам саяси биліктің негізгі институты ретінде азаматтық қоғам мен мемлекеттің үйлесімі ретінде қарастырылады.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам — бір әлеуметтік-тарихи құбылыстың екі жағы — дамыған индустриалды және постиндустриалды қоғам деуге болады.

Біріншісі нысанды, ал екіншісі мазмұнды білдіреді. Нысан ретінде мемлекет азаматтық қоғамның мүдделерін көрсетеді; оның әрі қарай дамуы мен жұмыс істеуі үшін құқықтық жағдайлар жасайды. Сонымен қатар, бұл азаматтық қоғам мүдделеріне жауап береді, оларды заңды тәртіппен қорғауға кепілдік беріледі. Мемлекет, сайып келгенде, азаматтардың белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы болып табылады, онсыз азаматтық қоғамның болуы мүмкін емес.

Көптеген өркениетті елдерде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет түсінігі мен олардың өзара ықпалдасу шектері жайлы ресми доктриналар мен заңнамаларда кеңінен қолданылып келеді. Құқықтық және саяси ғылымдардың ең басты жетістігі құқықтық мемлекет концепциясында көрініс тапқан азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамытудың басты қадамдары жайлы болып отыр. Азаматтық қоғам ұғымы құқықтық мемлекет ұғымына қарағанда әлде қайда кейін қалыптасқан түсінік. Негізінен азаматтық қоғам ұғымы XIX ғасырда қоғамдық өмірге мемлекеттің араласуына және жаңа әлеуметтік қатынастар жағдайындағы биліктің өзіншілдігіне қарсы салмақ ретінде қалыптасты. Жаһандық даму бастамасында жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңа саяси ойлау аясында біріктіре отырып, Қазақстан қоғамы заманауи демократиялық құқықтық мемлекет құруды оның дамуының негізгі мәселелерінің бірі ретінде азаматтық қоғамды қалыптастыру қажеттілігін жариялаған болатын.

Осыған байланысты азаматтық қоғамның қалыптасуы мемлекеттің бүкіл қоғамдық өмірін демократияландыру және заңдастыру жолындағы реформалардың сәттілігінің алғашқы және маңызды шарты болып табылады.

Толыққанды азаматтық қоғам болмаса, құқықтық мемлекет идеяларын қалыптастырып дамыту сәттілігі болмайтындығын және біздің ел үшін адамдар бұл жаңа идеялардың мәнін түсінбейді немесе түсіндірудің өзіндік қиындықтарына ұласатындығын ескеру керек болды.

Мемлекет және қоғам — бұл өз өмірінде болмыстың екі үлгісі ретінде, яғни бір-біріне сәйкес өмір сүрмейтін немесе бір-біріне ықпал ету арқылы ғана өмір сүре алатын құбылыс.

Бұл азаматтық қоғамның туындысы және оның мақсаты — оған жұмыс істеу қажет. Мемлекеттің мәні қоғамға үстемдік етуде оның өзгеріссіз тартылуына мемлекеттің теңгерімі болып табылады. Елдің демократиялық деңгейі азаматтық қоғам дамуының дәрежесіне байланысты.

Құқықтық мемлекет — адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз етуге жағдай жасайтын, мемлекеттік билікті құқық көмегімен шектейтін, құқық қағидаларға негізделген саяси ұйым. Ата-бабамыз аңсаған еркіндік-гуманистік бастауларды, әділеттілікті бекітуге арналған әлеуметтік құндылық, сонымен бірге жеке тұлға бостандығын, ар-ожданы мен намысын қамтамасыз етудің құралы, халықтық биліктің өмір сүруі нысаны десек қателеспейміз.

Адамдардың құқықтарын және бостандықтарын толық қамтамасыз ету, құқықтық мемлекеттің басты мақсаты, ал осы мақсатқа жетудегі басты құрал — мемлекеттік билікті құқықпен байланыстыру әрекеттері болып табылады. Осы әрекеттер құқықтық мемлекеттің қағидалары арқылы жүзеге асады. Құқықтық мемлекет қағидалары:

- құқықтың үстемдігі;
- биліктің бөлінуі;
- адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының барынша толық қамтамасыз етілуі;
- азаматтық қоғамның болуы;
- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі.

Құқықтық мемлекет мазмұнында жатқан құқық құндылығы азаматтық қоғам арқылы анықталады. Аталған құқықтық құндылық, азаматтық қоғамның жағдайына, өмір салтына, азаматтық қоғамды құрайтын жеке тұлғалардың табиғи құқықтарына сәйкес келген жағдайда ғана, әділетті деп танылады. Сондықтан да, құқықтық мемлекетке бағытталған жолды заңның әділдігінен, құқықтық заңнан бастаған жөн. Құқықтық мемлекет қоғам қалауындағы әділеттілік мемлекеті болуы тиіс.

Құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның саяси нысанда ұйымдасқан көрінісі ретінде қалыптасып қолдау табуы қажет. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам бір-бірін толықтыратын, бір-бірін анықтайтын ұғымдар және бір-бірінің қалыптасып, дамуының алғышарты болады. Олардың мәні ортақтастығымен сипатталады. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам идеяларының өзегінде адамның өмірі тұрады. Себебі, адамның құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерінің жүзеге асуын қамтамасыз ету және оларды қорғау — құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның мақсаты.

«Азаматтық қоғам — табиғи және жеке құқықты реттеудің кеңістігі, объектісі, аймағы болуы керек. Құқықтық мемлекетте позитивті және көпшілік құқығының басымдылығы танылады. Бұндай бөліністің шарттылығын да ескерген жөн. Азаматтық қоғам позитивті құқықты, мемлекетпен қабылданған заңдарды елемеуі мүмкін емес, өйткені заң шығару органдарына өздерінің өкілдерін жібереді, олар жеке құқық заңдарын да қабылдайды» [2; 285].

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекеттің өзара қатынасы белгілі бір дәрежеде көпшілік құқығы нормаларымен реттеледі. Олардың көмегімен мемлекет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, азаматтық қоғамның көптеген институттарын қорғауды жүзеге асырады.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет идеялары салыстырмалы негізде бір мезгілде пайда болады. Олардың ара қатынасын анықтау барысында заңгер-ғалым З.М. Черниловскийдің көзқарасы бойынша мынадай шарттарға назар аудару қажет:

- 1) азаматтық қоғам мемлекетке дейін және одан тыс өмір сүрмейді;
- 2) мемлекет азаматтардың әл-ауқатына және олардың мақсатын жүзеге асыруына қажетті қамқорлық көрсетеді;
- 3) азаматтық қоғам мемлекеттен өмірді, денсаулықты, қауіпсіздікті талап етуге құқылы;
- 4) мемлекетке топтардың арасындағы қайшылықтарды шешуге қажетті әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру міндеті жүктеледі;
- 5) мемлекеттің сыртқы саясаты мен қорғаныс қуаты қоғамның өмір сүруіне және өзге халықтармен материалдық және рухани жақындасуын қамтамасыз етеді [3; 129].

Аталған көзқарасты қарастыра отырып, бұл идеядағы мемлекеттің басымдылығы орын алғанына және азаматтық қоғамға жеткілікті құқықтық баға берілмегенін айтуымызға болады. Дәл осы тұжырымды жоққа шығарғысы келгендей автор мынандай түсіндірме жасайды: «Қоғам мен мемлекет өзара әрекеттестікте болуға, мемлекетке және оның мекемелеріне... қатысты жоғарғы егеменділігін сақтай отырып, оның саясатына әсер етуге тиісті», — деп жазады [4; 11]. Мұндағы көзқарас бойынша азаматтық қоғамның мемлекетке қатысты қарастырғанда «жоғарылық тәуелсіздігі» барлығы танылады және бұл біздің көзқарасымыз бойынша дұрыс деп түсінеміз.

Азаматтық қоғам «жоғарыда» отырғандардың нұсқауымен немесе белгілі бір саяси шешім қабылдау арқылы құрыла салатын ұйым емес. Оның қалыптасуы мен дамуы керісінше, азаматтардың саяси белсенділігі негізінде ортақ мүдделерді ұйымдастырып, бірлестіктер мен ұйымдарға бірігуі негізінде «төменнен жоғары» қарай жүретін күрделі саяси үрдіс. Қазақстандағы азаматтық қоғамның пісіп-жетілмеу немесе дамымай отырғанының себебін біреулер, әлеуметтік-мәдени алғышарттарының толық қалыптаспағанында десе, екіншілері батысқа еліктеушіліктің әсерінен деп пайымдайды. Заманауи Қазақстанда тіке байланыстар мен қатынастар көлбеу азаматтық байланыстар мен қатынастарға қарағанда басым жатқанын байқауға болады. Азаматтық қоғам негізінен көлбеу байланыстар тіке байланыстардан басым болған жерде дамидығын әлемдік тәжірибе көрсетіп берді. Қоғамның саяси жүйесіндегі тіке байланыстар, мемлекеттік билік органдары мен халық бұқарасына дейінгі аралықты қамтып, иерархиялық сатылы сипатта жоғарыдан төмен, төменнен жоғары қарай өрбіп отырады. Нәтижесінде азаматтар өздерінің мәселелерін ұжымдық тұрғыда өзара

ынтымақтасып шешуге жүгінбейді, жоғарыдан қабылданатын шешімдерге алақан жайып, мойын ұсынады. Көлбеу байланыстар болса, мүдделес әлеуметтік қабаттар ауқымында өрбіндіктен, азаматтарды белгілі бір қауымдастықтарға ұйыстыруға ықпал етеді. Бұл түрлі ассоциациялар, қоғамдық қорлар мен ұйымдар, үкіметтік емес құрылымдар түрінде көрініс табады.

Азаматтық қоғам институттарының дамуы үшін мемлекет бұл үрдістің жасампаздық сипатта жетілуіне, азаматтардың саяси белсенділік танытуына қажетті жағдайлар, қолдаулар жасап отыруы қажет. Яғни, үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсетудің мемлекеттік тұжырымдамасы жасалып қана қоймай, Президент жанындағы демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның өкілеттігін кеңейтіп, азаматтық қоғамды қалыптастыру мен оның институттарын шынайы дамыту мемлекеттік саясаттың бір тармағына айналуы тиіс. Мұндай кешенді іс-шаралар Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген мұратқа сай құқықтық мемлекет жолында дамуына игі ықпалын тигізетініне сенімдіміз.

Азаматтық қоғамның атқару билігімен өзара әрекеттестігі кейбір қиындықтар тудырады. Сыбайлас жемқорлықтың теріс ықпалын атамағанда, өзге де бюрократиялық сорақылықтар жеткілікті десек болады. Оның теріс ықпалын тіпті жоққа шығару мүмкін емес, дегенмен де оны тежеулетудің мүмкіндігі бар. Аталған мүмкіндіктер қатарына азаматтық қоғамның құқықтық жүйесін және құқықтық мемлекетті, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті, құқықтық білім беруді дамытуды алуымызға болады. Академик М.Т. Баймаханов былай деп атап көрсетеді: «этатистік мемлекет диктатқа, қоғамды қатаң бақылауға алуға жүгіне отырып, оның ісіне араласады да, азаматтық қоғамға айналуына кедергі келтіреді. Этатизмнің тамырын жою және мемлекеттіліктің құқықтық бастауларының пайда болуы азаматтық қоғам құруға ықпал етеді, ол өз алдына құқықтық мемлекет құрудың жеделдетілген процесінің маңызды материалдық алғы шарты болып табылады» [5; 49]. Аталған екі факторды (азаматтық қоғамның қалыптасуы мен құқықтық мемлекет құруды) бір-бірінен ажыратуға болмайды, себебі олар органикалық байланыста, бір-біріне жағымды жағдай тудырады [6; 98]. Демократиялық қоғам қағидасына қайшы келмейтін этатизм қағидасын елімізде дұрыс қолдану мемлекетке барынша тиімді түрде қоғаммен әрекеттесуіне мүмкіндік береді.

Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың басты қадамы алдымен адамдардың сауаттылықтарын арттыру қажет. Себебі азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің әлқиссасы адам мен азамат ұғымдары және оның түп қазығы болып табылады. Билікті ұсыну демократиялық қоғамның басты өлшемі, өз өмірін шынайы басқаруға мүмкіндік алған халық уақыт өте келе өзара қатынас нормаларын қалыптастырып санасына сіңіреді. Құқықтық мемлекет шынайы азаматтық қоғамды қалыптастырудың екінші түбегейлі болашақ фундаменти болып табылады.

Нағыз дала демократиясының негізін қалыптастыруымен ерекшеленетін елімізді өзгерістерге жетелеудің қайнар көзі және бастаушысы мемлекеттік билік болып отыр. Бұндай жағдайда мемлекеттік емес институттардың өзін-өзі шектеуі, мемлекеттің басым рөліне мойынсұнуы орын алады. Сондықтан қоғамдық мүддені жоғарғы билікке жеткізудің нысандарын, механизмін, анықтау маңызды және оны шешу оңай болмай отырған мәселелер қатарында тұр.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет туралы әлеуметтік, саяси, құқықтық және философиялық ой-пікірлер ұзақ эволюциядан өтті. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы тарихта көптеген ойшылдардың құнды теоретикалық мұрасы да қалғаны бәрімізге аян. Осы ойларды қорыту арқылы адамдар қоғамының белгілі бір идеалды бейнесі ретінде дүниеге келеді. Осы идеалды бейнені ғылыми тұрғыдан терең және жан-жақты зерттеп, нақты болмыста жүзеге асыру қажет.

А. Матюхиннің көзқарасы бойынша, «батыс мемлекеттерінде заң мемлекет пен саяси институттардың күрделі өзара әрекеттестігінің нәтижесінде пайда болса, Қазақстанға легизм немесе мемлекеттің автолегитимділігі арқасында яғни, автолегитимділік тән деп қарастырады. Әлеуметтік әділеттілік талаптарына сүйене отырып, қабылданған заңдардың құқықтық сипатын даулаудың ешбір мысалы жоқ» [7; 150].

Жоғарыда куә болғанымыздай, азаматтық қоғам сүйенетін табиғи құқық презумпциясы туралы тұжырымдар дамып Қазақстанда да өз жақтастарын табуда. Құқық — бостандық өлшемі болса, азаматтық қоғам әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық құндылық болып табылады.

Азаматтық қоғамның болуы құқықтық мемлекеттің келесі бір белгісі екенін баршамыз да түсінеміз. Құқықтық мемлекет заңдылық арқылы азаматтық қоғамның қалыптасуы және тіршілік етуі үшін қолайлы жағдайлар жасайтын қоғамның саяси ұйымы. Ал, азаматтық қоғам — әрбір азаматтың және олардың бірлестіктерінің шығармашылық, еңбектік және рухани әлеуеттерін еркін

түрде жүзеге асырулары үшін қалыптасқан, әлеуметтік институттар мен қоғамдық байланыстар жүйесі. Құқықтық мемлекет, өзінің азаматтарына халықтың көбісі қалайтын қоғамды таңдауға және оны құруға мүмкіндікті толық қамтамасыз етуге міндетті.

Азаматтық қоғам — рухани және материалдық қажеттіліктермен мүдделерді қанағаттандыру үшін түрлі ассоциацияларға, одақтарға және бірлестіктерге еркін түрде біріккен еркін субъектілердің арасындағы экономикалық, рухани, мәдени, өнегелік, діни және т.б. алуан түрлі қарым-қатынастардың жүйесін білдіреді. Азаматтық қоғам өзін-өзі басқару және реттеу қағидасына негізделіп, өзінің салттары, адамгершілік нормалары және құқықтық нормалар арқылы қорғалады.

Азаматтық қоғамды теоретикалық зерттеу барысында оның мәнінің екі негізгі түсініктемесі берілген. Біреулері оны социумның белгілі бір жағдайын суреттейді дейді. Онда азаматтық қоғам мемлекеттің ерекше типімен сәйкестендіріледі, бұнда жеке тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтары заңдылық қамтамасыз етілген және саяси қорғалған, сондықтан ол «өркениетті» азаматтық қоғам деп саналады.

«Азаматтық қоғам» термині ерекше мазмұнға ие және қазіргі мағынасында қоғамның нақты бір тұрпатын, қалпын, сипатын, оның әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық табиғатын, даму және кемелдену дәрежесін білдіреді. Басқаша айтқанда, осы түсінік арқылы тарих тәжірибиесімен қалыптастырылған өлшемге сәйкес келетін өркениетті қоғам анықталады.

Азаматтық қоғамға құқықтық әдебиетте және баспада берілетін анықтамалар сан алуан түрлі. Ресейлік философ К.С. Гаджиев келесідей анықтаманы және түсініктемені ұсынады: «Азаматтық қоғам дегеніміз әлеуметтік, мәдени және рухани салалардың әрекет етуін, олардың қайта өндірілуін, ұрпақтан ұрпаққа өтуін және өмір сүруін қамтамасыз ететін жүйе, жеке индивидтердің және олардың ұжымдарының жеке және ұжымдық мүдделері мен қажеттіліктерінің жүзеге асуына жағдайлар жасауға бағытталған мемлекетке тәуелсіз, жеке дербес қоғамдық институттар және қатынастар жүйесі. Осы мүдделер мен қажеттіліктер жанұя, шіркеу, білім беру жүйесі, ғылыми, кәсіби бірлестіктер, ассоциациялар, ұйымдар және т.б. арқылы көрінісін тауып жүзеге асады. Жалпы, азаматтық қоғам жеке индивидтердің жеке мүдделері, қажеттіліктері және т.б. саласымен теңестіріледі» [8; 28]. «Азаматтық қоғам — меншік иелері болып табылатын еркін субъектілердің және олардың бірлестіктерінің өзіндік мүдделерінің ерекше саласын құрайтын мемлекеттен және саясаттан тыс қатынастардың (экономикалық, әлеуметтік, мәдени, өнегелік, рухани, корпоративті, жанұялық, діни) жиынтығы» [9; 77].

Баспада және құқықтық әдебиетте тарихи қалыптасқан «азаматтық қоғам» түсінігі өзінің мағынасына сай келмейтіндігі туралы пікірлер айтылады. Қоғам мен мемлекеттің айырмашылығын және сәйкестігін қарастырғанда оны «азаматтық қоғам» деп түсіну қашанда теріс ұғым болмақшы. В.С. Нерсисянның пікірінше, «азаматтық қоғам — азаматтардың (саяси субъектілердің) қоғамы емес, керісінше жеке мақсаттардың және мүдделердің иегерлері болып табылатын жеке тұлғалардың қауымдастығы. Азаматтардың қауымдастығы дегеніміз, саяси қауымдастық, яғни мемлекет (саяси мемлекет) болып табылады, ол қоғамнан (азаматтық қоғамнан) өзгеше» [10; 56].

Сонымен қатар, азаматтық қоғамды мемлекеттен тысқары, бөлек өмір сүретін адамдар ұйымы деп түсінудің де бар екенін айтуымыз керек. Қалай болса да, азаматтық және мемлекеттік бір-біріне қарсы түсініктер емес, керісінше осы екеуі мәні бойынша бір мағынаны — яғни, әлеуметтік сипаты қоғамның көпшілік билікпен реттелгендігін білдіреді. Азаматтық түсінігінің өзі, мемлекеттік түсініктен басталады және оны мемлекеттен бөлектеп қарастыру мүмкін емес.

Ресейлік құқықтанушы Л.С. Мамуттың ойынша, «социумның ұйымдасу және тіршілік ету тәртібін нақты түсіну үшін ғылыми айналымнан азаматтық қоғам түсінігін бірте-бірте алып тастап, қоғам болмысының мемлекеттік емес модусын шынайы табиғатына сәйкес анықтайтын түсінікті қалыптастыру қажет» [1; 129]. Бұл жерде автор, мемлекетті көпшілік билік сипатында біріккен, ұйымдасқан қоғам ретінде түсіндіріп, оны әлеуметтік стратталған қоғамның мемлекеттік модусы деп атайды. Ал, азаматтық қоғамды белгілеу үшін, әлеуметтік стратталған қоғамның мемлекеттік емес модусы терминін қолданады.

Қазіргі уақытта түсініктерді осылайша шартты анықтау өте ұтымды көрінеді, өйткені мемлекет те, азаматтық қоғам да, қоғамның индивидтер қауымының бір көрінісі болып табылады.

Азаматтық қоғамның ең радикалды концепциясын «Адам құқықтары» атты атакты памфлеттің авторы Т. Пейн қалыптастырды. Мемлекетке қарсы тұратын азаматтық қоғам мәселесі Т. Пейн еңбектерінде негізгі идеяға алынған болатын. Пейн мемлекетті қажетті зұлымдық деп атады: «ол неғұрлым аз болса, соғұрлым қоғамға тиімді болады» [11; 248]. Осыған орай, мемлекеттің билігі

азаматтық қоғам пайдасына шектелген болуы керек, өйткені, әрбір индивид, өз ішінде қоғамға бағытталады. Мемлекеттен бұрын пайда болған осындай әлеуметтілік, ортақ мүддеге және өзара көмек тұрпатына негізделген, бәсеке және сабақтастықтың бейбіт қатынастарын қалыптастыруға жағдай жасайды. Азаматтық қоғам неғұрлым кемелденген болса, соғұрлым өз істерін өзі реттеп, үкіметке деген қажеттілігі азаяды.

Азаматтық қоғам және мемлекет өзара әрекеттесуші институттар болып табылады. Гегельдің ойынша, «отбасы мемлекеттің түп-тамыры болып табылады, оның мүшелері бір-бірімен бәсекеге түспейді, отбасы мәнді біртұтас жүйе болып қалыптасады. Азаматтық қоғам болса, оның көп санды құрамдас бөліктері, бір-біріне сәйкес келмейтін тұрақсыз және кикілжіндерге толы қарым-қатынаста болады. Онда әрдайым, жеке мүдделер басқа бір жеке мүдделермен қақтығысып тұрады. Оған қоса, азаматтық қоғамның бір бөлігінің немесе жүйесінің күрт дамуы, басқа бөлігінің басылып қалуына алып келеді. Азаматтық қоғам мемлекет бақылауымен басқарылмаса, ол «азаматтық» болудан алыстайды. Өйткені, тек жоғарғы көпшілік билік, яғни, тек конституциялық мемлекет осы қоғамның әділетсіздіктерін жойып, нақты мүдделерді әмбебап саяси қауымдастыққа топтастыра алады. Осы тұрғыдан Гегель, табиғи құқық теориясын сынға алады, өйткені, осы теория мемлекетті өз қол астындағыларының серігі ретінде қарастырып, осы арқылы «мемлекеттің абсолюттік құдайшыл қағидасына» күмән келтіреді» [12; 148]

Мемлекет — азаматтық қоғамның элементі, біртұтастықты толықтыратын, оған нысан беретін, қоғамның жеке дербес бөлігі. Мемлекет белгілі бір қатынастар тұрғысынан азаматтық қоғамға қарсы қойылған элемент ретінде көрініс табады. Мемлекет қоғамның қалыптасқан, тұрақты элементі десек, азаматтық қоғам — әлеуметтік қозғалыстар және үрдістер ықпалына көбірек әсерлі болатын өзгермелі, тұрақтамайтын, қозғалмалы элемент болып табылады.

Мемлекет пен азаматтық қоғамды салыстырғанда, кейбір авторлар азаматтық қоғамның мемлекеттен тәуелсіздігін алға тартады және мемлекеттің азаматтық қоғам істеріне қолсұғатындығы туралы өкініш білдіреді. Осы тұжырымдарда, мемлекетті, көптеген ғалымдар көпшілік биліктік сипатта біріккен және ұйымдасқан қоғам ретінде емес, мемлекеттік аппарат, яғни, мемлекеттік органдар және мекемелер жүйесі мен ондағы қызмет ететін адамдар ретінде түсіндіреді. Азаматтық қоғаммен мемлекетті салыстыру барысында, ұғымдарды осылайша бұрмалау дұрыс емес.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет ықпалдасуы мен әрекеттесуі тепе-теңдігін сақтаудың мынадай шарттарын атауға болады:

- биліктің легитимділігі;
- азаматтық қоғам элементтерінің дамығандық деңгейі;
- билік пен қоғамның заңға тәуелділігі;
- жеке адамның бұлжымайтын және дербес құқықтарының жиынтығы арқылы мемлекет билігінің шектелуі;

Мемлекет пайда болғаннан бері, мемлекеттік реттеусіз болған нақты бір қоғамды елестету мүмкін емес, мемлекет қоғамда әрқашан реттеуші рөлін атқарған. Осында мемлекеттің қоғамға қолсұғуының нысандары және дәрежесі туралы ғана сөз қозғалуы мүмкін. Осыған орай, қолсұғу сөзін реттеу сөзіне алмастыру жөн болмақ, себебі қолсұғу десек мемлекет қызметінің азаматтық қоғамға теріс әсер ететіндей ұғым береді.

Азаматтық қоғаммен мемлекет үйлесімді тіршілік етулері үшін, осындай ықпал оң сипатта болуы керек, яғни, азаматтық қоғамның қатынастары мен институттарының ерекшеліктеріне, оның өзін реттеу және әлеуметтік мәдениет механизмдеріне, оның тарихи кемелденуіне сәйкес келуі керек. Жоғарыда айтып өткеніміздей бұл ықпалды «қолсұғушылық» емес, «азаматтық қоғам өміріне қатысу» деп түсінген жөн.

Азаматтық қоғам кез-келген өркениетті адамдар қоғамының көрінісі. Ол әрқашан болған, қазір бар және болады. Тек, әркез анықталған нақты — тарихи нысанда әрекет етеді.

Азаматтық қоғам — батыс өркениетінің феномені. Сондықтан батыстан (еуропалық, солтүстік америкалық) тыс мәдени — өркениеттік тұрғыдан осы феноменді қарастырғанда, шамамен алынған батыс моделіне сәйкес қалыптастырылған өлшемдерге және сипаттамаларға теңестіру алынады.

Бірақ, осы сұрақ бойынша батыс ғалымдарының зерттеулерінің нәтижелерін біздің жағдайға қатысты, байқап, шамадан тыс арттырмай қолдану керек. Өйткені, оларда және бізде азаматтық қоғамның қалыптасуының жағдайлары өзгеше болып келеді. Батыста азаматтық қоғамның қалыптасуы эволюциялық даму, демократиялық дәстүрлердің, экономикалық және саяси бостандықтардың қалыптасуы негізінде жүрді. Бізде болса, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін

аз ғана уақыт берілген. Сонымен қатар осы үрдістің жүзеге асуы, өткенде адамға қатысты қоғамдық ұйымдастырылуы қағидаларының қайшы болуыменен күрделенеді. Батыс елдерінде болған, азаматтық қоғамның институттарын біздің елге механикалық түрде, «үстінен» енгізілуі, күтілетін нәтижеге әкелмейді.

Азаматтық қоғам — әлеуметтік, мәдени, рухани және ғылыми құндылықтарды сақтап, оларды дамыту үшін тағайындалған мемлекеттік емес институттардың және байланыстардың жүйесі.

Азаматтық қоғам мемлекеттен тыс және оның араласуынсыз дамитын, жеке тұлғалар арасындағы бүкіл қатынастарының жиынтығын құрайды. Сонымен қатар, ол, күнделікті жеке және ұжымдық қажеттіліктерді жүзеге асыратын мемлекеттен тәуелсіз қоғамдық институттардың жан-жақты тараған жүйесін қамтиды. Азаматтардың күнделікті мүдделері бір-біріне шамалас болмағандықтан, азаматтық қоғамның салалары өзара бағыныштылықта болып, белгілі бір деңгейлерді қалыптастырады. Осы қалыпты келесідей бейнелеуге болады.

Жеке тұлғалар арасындағы өзара байланыстардың бірінші деңгейін, индивидтердің өмір сүруін қамтамасыз ететін және өндірістік қатынастарды қанағаттандыратын, адамның тамақтану, киім, тұрғын үй және т.б. негізгі қажеттіліктер құрайды. Осы қажеттіліктер кәсіби, тұтыну және басқада бірлестіктермен ассоциациялар сияқты қоғамдық институттар арқылы қамтамасыз етіледі.

Ұрпақты жалғастыру, денсаулықты сақтау, баланы тәрбиелеу, рухани кемелдену және сенім-наным, ақпарат алу, араласу және т.б. қажеттіліктер отбасылық-некелік, діни, ұлттық және басқада өзара әрекеттесуді қамтитын әлеуметтік-мәдени қатынастардың кешені арқылы жүзеге асырылады. Осылардың барлығы, жеке өзара байланыстардың екінші деңгейін құрайды.

Жеке тұлғалар арасындағы қатынастардың үшінші деңгейін саяси-мәдени қатынастар құрайды. Осы қатынастар арқылы индивид, саяси таңдауларына және құндылықтық бағыттарына негізделген, өзінің жеке таңдауымен байланысты болатын, саяси өмірге қатысу қажеттілігін қанағаттандырады. Осы деңгейде жеке индивидте нақты саяси ұстанымдар қалыптасады және құқықтық санасы қалыптасып, өзінің әлеуметтік бастамасын білдіре алады. Индивидтердің және олардың топтарының саяси ұстанымдары мүдделестердің топтары, саяси партия — қозғалыстар және т.б. арқылы жүзеге асады. Азаматтық қоғамды, адамдар бір-бірінен және мемлекеттен тәуелсіз түрде өзара әрекеттесетін әлеуметтік кеңістік ретінде, елестетуге болады.

Қазақстанда азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптасу ісінде елеулі олқылықтар мен қайшылықтар бар.

Бірінші қайшылық — елде азаматтық қоғамның толық орнамауы.

Екінші қайшылық — құқықтық мемлекет қағидаларының өмірде толықтай көрініс таппауы. Қазақстан қоғамының тарихи тәжірибесі мен саяси дүниетанымының түп-тамырлары ескерілмейді.

Үшінші қайшылық, қазақстандықтардың саяси-құқықтық мәдениетінің ұлттық дәстүрлерден, ең алдымен қазақ этносының танымдық кеңістігінен қол үзуіне байланысты.

Төртінші қайшылық — қазақстандықтардың құқықтық мәдениетінің төмендігі.

Талқылау

Зерттеуімізде қарастырып отырған мәселеміз бойынша құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара ықпалдасуы мен әрекеттестігі шектерін айқындауда үкіметтік емес ұйымдардың рөлі маңыздылыққа ие. Сонда үкіметтік емес ұйымдар қандай және олардан не күтеміз деген сұрақ туындайды... Ия, аталған үкіметтік емес ұйымдар туралы көп айтуға болады, бірақ біз өзімізше түсіндіре кетейік. Үкіметтік емес ұйымдар — бұл еліміздің барлық дерлік әлеуметтік саласы бойынша маңызды мәселелерін жүзеге асырумен айналысатын ұйымды танимыз ал, кейде біз оны «үшінші сектор» деп те атаймыз. Міне, осы үкіметтік емес ұйымдар немесе үшінші сектор азаматтық қоғамның негізі десек болады. Мемлекет және азаматтық қоғам — бұл екеуі де бірдей әлеуметтік-тарихи құбылыстың екі жағы — дамыған индустриалды, постиндустриалды қоғам. Біріншісі нысанды, екіншісі мазмұнды білдіреді. Нысан ретінде мемлекет азаматтық қоғамның мүдделерін көрсетсе, ал мазмұны ретінде, оның әрі қарай дамуы мен жұмыс істеуі үшін құқықтық жағдайлар жасайды. Сонымен қатар, бұл тұста мемлекет азаматтық қоғам мүдделеріне жауап береді және оларды заңды түрде қорғауға кепілдік беретіндігін де айтсақ болады. Егер мемлекет қоғам өмірін ұйымдастыруда маңызды десек, азаматтық қоғам мемлекетте қандай рөл атқарады деген заңды сауал туындайды. Осы мәселеде, яғни азаматтық қоғам мен мемлекеттің мүдделері арасындағы тепе-теңдікті орнату арқылы құқықтық мемлекеттің дамуы мен өзара әрекеттесуі үшін тиімді қағидаттар құрудың қажеттілігі артып келеді.

Азаматтық қоғам — жан-жақты, демек, көптеген адамдар мен қауымдастықтар, мүдделер мен оларды көрсетудің көптеген тәсілдері. Оның құрылымында мемлекеттің еркінен тыс өмір сүретін, бірақ қоғамдық және көпшілік саясат саласына бағытталған, қоғамдық өмірмен еркін ассоциациялар болады. Осы салаларды құрайтын іс-әрекет түрлерінің және әлеуметтік секторлардың шеңбері жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін, көбінесе ол, еркін ассоциациялардан, қоғамдық қозғалыстардан, нарықтан және аралық институттардан құралады. Азаматтық қоғамды құрайтын түрлі қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық институттар, жеке және ұжымдық мүдделердің жүзеге асуларына жағдайды қамтамасыз етуге, мемлекеттік билікке, ол қоғамға қызмет етуі үшін «қысым жасау» мүмкіндіктері бар.

Азаматтық қоғамның экономикалық жүйені құқықтық негізде құру жағдайында ғана мүмкін болатынын айтар болсақ, қазіргі кезеңде экономикалық қатынастардың дамуында нарықтық орта тек еркін субъектілердің — меншік иелерінің қатысуымен жүреді, демек бұл иелердің әрқайсысы мемлекеттің ықпалынан және жеткізушінің диктатурасынан қорғалуы керек.

Азаматтық қоғам мемлекеттен абсолютті түрде емес, салыстырмалы түрде тәуелсіз болады. Мемлекеттік қоғам өмірінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін қалыптастыру үшін керек деп ұғынуымыз қажет. Мысалы, нарық — өздігінен ұйымдасушы жүйе. Бірақ, мемлекет осы жүйе механизмін жұмыс істетуге және дамытуға атсалысуға міндетті. Мемлекет, бәсекелесуші субъектілердің мүдделерінің тепе-теңдігін қалыптастыруы керек. Нарықты тек экономикалық ынта мен мүдделер ғана басқармайды, сонымен қатар, осы механизмді керекті арнаға бұрып отыратын нормаларды қалыптастыратын мемлекеттің қатысуы қажет. Нарық бәсекелестіксіз мүмкін емес, бірақ бәсекелестік — бейберекеттік емес, ол заңмен орнатылған «ережелерге сәйкес ойын». Стихиялы, басқарылмайтын нарық еш жерде жоқ — нарық барлық жерде қайтседе, мемлекетпен және оның заңдары арқылы реттеліп отырады.

Білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй құрылысы және әлеуметтік қамсыздандыру мемлекет араласуын қажет ететін нақты салалар болып табылады.

Тұрақты экономиканы және тұрақты саяси тәртіпті тұрақсыз қоғамда құру мүмкін емес. Адамдар өздерінің потенциалдарын толық жүзеге асыру үшін, өздерінің мақсаттарын анықтауға белсенді қатысуға тиіс және олардың дауыстары өкімді органдарда естілуі керек.

Бұл азаматтық қоғамның бірлігі мен қоғамдық қатынастарды мемлекеттік-құқықтық реттеудің айқын көрінісі. Онда азаматтық қоғам мемлекетпен әлеуметтік тұрғысынан алғанда қоян-қолтық байланыста болатындығы тағы да өз дәлелін тауып отыр.

Уақыт өте келе, мемлекет пен азаматтық қоғам тұжырымдамалары қазіргі әлемдегі өзгерістердің практикалық бағыттаушысы ретінде қоғамдық санаға көбірек еніп келеді.

Еліміздің ғалымдарының зерттеулерінде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптасуы, дамуы, әрекеттесу мәселелері жөніндегі ой-тұжырымдар бір-біріне қайшы келмейтін, керісінше толықтыру мен құптаулардан тұратын көзқарастармен баяндалады. Ғалымдарымыздың арасындағы талқылаудағы жүрген азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қағидаларының өмірдегі көрініс табуымен шектелетіндігін де айта кеткен жөн. Сондай-ақ, азаматтық қоғамның баяу дамуына себеп ретінде айтылатын қазақстандықтардың құқықтық мәдениетінің төмендігін тілге тиек етеді. Ал, жақын алыс шетелдік ғалымдардың еңбектерінде азаматтық қоғам теориясы мен қазіргі кезең тәжірибесіндегі әлемдік және еуропалық өлшемдерімен танысуға болады. Олардың еңбектерінде қарастырылатын азаматтық қоғам теориясы, ұлттық мемлекет шеңберінде дамитын азаматтық қоғамның анықтаушы факторы ретінде көрініс табатын әлеуметтік келісім шарттарға көп көңіл бөлінеді.

Соның бірі неміс сарапшысы Дж.Кокидің пікірінше, «азаматтық қоғам бүгінгі күнге дейін үлкен дәрежеде ұлттық мемлекеттерде қалуда, біз жалпы еуропалықтан, тіпті жаһандық азаматтық қоғамнан алшақпыз. Бұған көптеген себептер бар, олардың бірі ретінде, өзара байланысты айтар едім. Азаматтық қоғам қоғамдық кеңістікпен, жариялылықпен тығыз байланысты. Жариялылық әрқашан байланыс болып табылады. Байланыс қажеттілігі ортақ тілдің болуын керек етеді. Осы тұста еуропаның көптілділігі өте алмайтын жалпы еуропалық азаматтық қоғамның жолында тұрған тосқауыл», — деп тұжырымдайды [13].

Ал бұған қарсы пікірді атақты еуропалық саясаттанушы З.Лайди айтады:

«Еуропаның саяси өмірі шынымен бар» деп дәлелдеп, ұлттық саяси институттардың қалыптасу процесінің мемлекеттік саясат саласына ауысуының дәлелі ретінде 2009 жылы Еуропалық Парламенттің қорытындылары шығарылған «қоғамдық наразылық» болғандығын тілге тиек етеді [14].

«Азаматтық қоғам жағдайындағы байланыс мәселесі ортақ тілдегі байланысы емес сенім проблемасымен ұштасатындығында: тұлға аралық сенім және билік институттарына сенімнің болуымен» деп түсіндіреді [13]. Салыстырмалы саясаттану институтының зерттеуіне сәйкес, еуропа елдерінде тұлғааралық сенім деңгейі біздерге қарағанда жоғары. Әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан әлеуметтік еуропалықтардың әл-ауқаты, еуропалық билікке деген сенім деңгейі өзгерген жоқ. Оны дамыту үшін бірқатар мақсаттар бар, оның алғы шарттары ретінде, әлеуметтік келісім шарттың көлденең түрі, пайда болған «қауымдастық сезімі», «еуропалық азаматтығы» ұғымының нақты қанықтылығы, тұлғааралық сенім мен мемлекеттік органдарға деген жоғары деңгей деп атап көрсетеді [15; 109]. Сонымен бірге жалпы еуропалық азаматтық қоғамның даму жолында бірқатар кедергілер бар: коммуникация проблемасы және еуропалық саяси ортаның еуропалық мемлекеттік саясаттың толыққанды саласына айналуы.

Этатистік мемлекет идеясына сәйкес, мемлекет біртұтас әлеуметтік организм ретінде саяси және моральдық тұтастық ретінде, саяси механизм мен жеке адамдардың жұмыс істеуі мен өзара әрекеттесуінің негізі ретінде әрекет етеді. Саяси дамудың осы «еуропалық» моделінің жақтаушылары, олардың ілімдерінің едәуір біртектілігіне қарамастан, қоғамдағы адамдарды тек мемлекеттік билік механизмі арқылы біріктіреді деп санайды.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған және қарастырылған негіздерге сәйкес келесідей қорытындылар жасауға болады:

1. Қазақстандық қоғамның жаңару және кемелдену үрдісінің кепілі — азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің қалыптасуы болып табылады.

Мемлекетімізде азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің қалыптасу үрдісінің өту барысы тоталитарлы режимнен мұраға қалған бірқатар кедергілермен күрделенеді. Олардың ішінде — адам құқықсыздығын, биліктің күштілігін, деспотизмнің көпжылдық дәстүрін, құқықтық нигилизм, бостандықтың, құқықтың, өзін-өзі басқарудың, демократияның, конституционализмнің, саяси және құқықтық мәдениеттің тиісті тәжірибесінің болмауын азаматтық қоғамның көптеген экономикалық, әлеуметтік және мәдени алғышарттарын қабылдауға кедергі болатын, коммунистік режиммен қалыптастырылған тұрақты стереотиптер және құндылықтар жүйесін атауға болады.

Әрине, халықтың көбісінің өмір деңгейінің төмендігі жағдайында, азаматтық қоғамның бәсекелестік және нарық сияқты құндылықтарын енгізу ауыртпалықпен өтеді.

2. Азаматтық қоғам — бұл белгілі бір мемлекеттің шекарасымен, жекелеген халықтардың ұлттық ерекшеліктері мен мәдениетімен анықталмайтын құбылыс. Азаматтық қоғам белгілі бір мағынада өркениет процестерін көрсететін ғаламдық категория. Азаматтық қоғамның жұмыс істеуі мен даму тенденциялары ұлттықтан жоғары сипатқа ие, олар экономикалық дамудың объективті заңдары мен жалпыға бірдей, жалпыадамзаттық рухани-адамгершілік қағидаларының талаптарына сәйкес келеді. Сондықтан, азаматтық қоғамның даму процесі саяси-құқықтық жүйенің интеграциясымен, экономикалық дамуға кедергі келтіретін құқықтық базаны әмбебаптандырудың және мемлекеттік шекараларды тегістеудің жаһандық трендімен тығыз байланысты.

3. Мемлекеттің әсер етуінің теріс салдарларын мемлекет пен азаматтық қоғам өкілдерінің ашық диалогы, сонымен бірге елімізде азаматтық қоғамды дамытуға мүдделі екі жақтың да белсенділік танытуы арқылы төмендетуге болады. Бүгінгі күні Қазақстандағы азаматтық қоғам институттары үшін өзін-өзі ұйымдастыру, қоғамдық бақылаудың механизмдерін қалыптастыру және дамыту, билік органдарымен мазмұнды өзара әрекет ету диалогын жүзеге асыру қажет.

Дегенмен, мемлекетімізде азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет қалыптасуы үшін қажетті алғышарттардың орын алуы бірте-бірте жүзеге асуда.

4. Азаматтардың құқықтық санасын және құқықтық сауаттылығын дамытудың мемлекеттік саясаты тек мемлекеттік биліктің барлық органдары мен жергілікті атқару органдары ғана емес, сонымен бірге мамандандырылған заңгерлік қоғамдастықтар, заңгерлердің қоғамдық бірлестіктері, азаматтық қоғамның барлық құрылымдары қатысатын күрделі де ауқымды жұмыстарды тиімді ұйымдастыру және жүргізу керек.

5. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғамның қалыптасуы бірдей болуы өте маңызды. Бірақ азаматтық қоғам «біршама алда» қалыптасуы қажет деп ұйғарым жасауға негіз бар, өйткені құқықтық мемлекет құруды билік институты емес, азаматтық қоғам институты күн тәртібіне қояды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мамут Л.С. Гражданское общество и государство: проблема соотношения / Л.С. Мамут // Общественные науки и современность. — 2002. — № 5. — С. 31–36.
- 2 Матузов И.М. Теория государства и права / И.М. Матузов. — М.: Прогресс, 2000. — 285 с.
- 3 Черниловский З.М. Гражданское общество: опыт исследования / З.М. Черниловский // Государство и право. — 1992. — № 6. — С. 129–135.
- 4 Смагулов Е.М. Основы граждановедения / Е.М. Смагулов, Ж.М. Смагулова. — Алматы: Білім, 1999. — 236 с.
- 5 Баймаханов М.Т. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан / М.Т. Баймаханов. — Алматы: КазГЮА, 2001. — 286 с.
- 6 Баймаханов М.Т. Проблема этатизма / М.Т. Баймаханов. — Алматы: Данекер, 2001. — 335 с.
- 7 Матюхин А. Гражданское общество в Казахстане / А. Матюхин // Мысль. — 1993. — № 12. — С. 150–156.
- 8 Гаджиев К.С. Концепция гражданского общества: идейные истоки и основные вехи формирования / К.С. Гаджиев // Вопросы философии. — 1991. — № 7. — С. 28–31.
- 9 Дюсенова М.М. Проблемы формирования гражданского общества в Республике / М.М. Дюсенова // Вестн. АГУ. — 2009 — № 1. — С. 77–83.
- 10 Нерсесянц В.С. Общая теория права и государства: учеб. для вузов / В.С. Нерсесянц. — М.: Прогресс, 1999. — 256 с.
- 11 Пейн Т. Права человека: избр. соч. / Т. Пейн. — М.: Сов. энцикл., 1959. — 356 с.
- 12 Ибраева А.С. Идея правового государства как новая парадигма цивилизованного общества / А.С. Ибраева // Вестн. КазНУ им. аль-Фараби. — 2000. — № 2. — С. 148–156.
- 13 Кока Ю. Европейское гражданское общество: исторические корни и современные перспективы на Востоке и Западе / Ю. Кока // Неприкосновенный запас. — 2003. — № 2 (28). — С. 56–63.
- 14 Лайди З. Выступление на Международном круглом столе «Нормативная сила» ЕС на мировой арене / З. Лайди. — М.: ГУ «ВШЭ», 2009. — 156 с.
- 15 Казаринова Д.Б. Европейское гражданское общество: проблема становления / Д.Б. Казаринова // Вестн. РУДН. Сер. Политология. — 2009. — № 4. — С. 109–115.

С.С. Серікбаева, А.Б. Шакирова

**Гражданское общество и правовое государство:
взаимодействие и границы интеграции**

В статье рассмотрены вопросы взаимодействия и интеграции институтов правового государства и гражданского общества в условиях развивающихся глобальных процессов, которые обуславливают наличие общих закономерностей развития в разных странах. Отношения между властью и гражданским обществом формируются на основе публичного соглашения, а взаимодействие направлено на достижение компромисса. Граждане демократического государства пользуются правом на личную свободу, при этом они вместе с другими государственным институтами разделяют ответственность за построение будущего. В статье раскрыты вопросы установления пределов взаимодействия и влияния гражданского общества и правового государства на становление казахстанской государственности, формирования активной личности, самостоятельно формирующей свою жизнь, активно участвующей в политических и социальных реформах. Необходимость в рассмотрении данной проблемы заключается в научно-теоретическом и научно-практическом рассмотрении границ взаимного влияния и взаимодействия гражданского общества и правового государства. Исследование современных тенденций глобализации осуществляется посредством использования общенаучных и научно-научных методов теории государства и права, специальных правовых методов, функционально-правовых, историко-правовых, сравнительно-правовых, концептуальных методов. В результате исследования были сделаны выводы, касающиеся открытого диалога представителей государства и гражданского общества, активности институтов гражданского общества и правового государства проблем их взаимодействия, определения целей и задач их взаимодействия. На сегодняшний день для институтов гражданского общества в Казахстане необходимо формировать и развивать механизмы самоорганизации, общественного контроля, осуществлять содержательный диалог с органами власти.

Ключевые слова: государство, общество, гражданское общество, право, угнетение, гражданство, демократия, политико-правовой анализ, этатистское государство, презумпция права.

S.S. Serikbayeva, A.B. Shakirova

Civil society and the legal state: interaction and limits of integration

The article discusses the issues of interaction and integration actions of the rule of law and civil society living in the state during the period of modern dynamically developing globalization. Relations between the government and civil society are formed on the basis of a public agreement, and interaction is aimed at reaching a compromise. Citizens of a democratic state enjoy the right to independent freedom, but at the same time, they, along with other state institutions, share responsibility for building the future. The main goal of the article is to establish the limits of interaction and influence of civil society and the rule of law, contributing to the formation of the Kazakhstan personality, an active political and legal, independently shaping its life, actively participating in political and social reform. The need to consider this goal consists in a scientific-theoretical and scientific-theoretical examination of the boundaries of influence and interaction of civil society and the rule of law in modern globalization trends using general physical and individual scientific methods of the theory of state and law and general physical, cognitive, informative, informative, historical, comparative legal, conceptual methods of performance the following conclusions were drawn: an open dialogue representative State and civil society, however, can reduce the activity of both stakeholders in the development of civil society in the country. Today, for civil society institutions in Kazakhstan, it is necessary to form and develop mechanisms of self-organization, public control, and engage in a dialogue of meaningful interaction with government bodies.

Keywords: state, society, civil society, law, oppression, citizenship, democracy, political and legal analysis, statist state, presumption of law.

References

- 1 Mamut, L.S. (2002). Hrazhdanskoe obshchestvo i hosudarstvo: problema sootnosheniia [Civil society and state: the problem of correlation]. *Obshchestvennye nauki i sovremennost' — Social sciences and modernity*, 5, 31–36 [in Russian].
- 2 Matuzov, I.M. (2000). *Teoriia hosudarstva i prava [Theory of state and law]*. Moscow: Prohress [in Russian].
- 3 Chernilovsky, Z.M. (1992). Hrazhdanskoe obshchestvo: opyt issledovaniia [Civil society: research experience]. *Hosudarstvo i pravo — State and law*, 6, 129–135 [in Russian].
- 4 Smagulov, E.M., & Smagulova, Zh.M. (1999). *Osnovy hrazhdanovedeniia [Fundamentals of Citizenship]*. Almaty: Bilim [in Russian].
- 5 Baimakhanov, M.T. (2001). *Stanovlenie pravovogo hosudarstva i konstitutsionnyi protsess v Respublike Kazakhstan [Formation of the legal state and the constitutional process in the Republic of Kazakhstan]*. Almaty: KazHYuA [in Russian].
- 6 Baimakhanov, M.T. (2001). *Problema etatizma [The problem of statism]*. Almaty: Daneker [in Russian].
- 7 Matyukhin, A. (1993). Hrazhdanskoe obshchestvo v Kazakhstane [Civil Society in Kazakhstan]. *Mysl — Thought*, 12, 150–156 [in Russian].
- 8 Gadzhiev, K.S. (1991). Kontseptsiiia hrazhdanskogo obshchestva: ideinye istoki i osnovnye vekhi formirovaniia [The concept of civil society: the ideological sources and the main milestones of the formation]. *Voprosy filosofii — Questions of Philosophy*, 7, 28–31 [in Russian].
- 9 Dyusenova, M.M. (2009). Problemy formirovaniia hrazhdanskogo obshchestva v Respublike [Problems of formation of civil society in the Republic]. *Sovetskaia entsiklopediia — Bulletin of ASU*, 1, 77–83 [in Russian].
- 10 Nersesyants, V.S. (1999). *Obshchaia teoriia prava i hosudarstva [General theory of law and government]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 11 Payne, T. (1959). *Prava cheloveka [Human Right]*. Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 12 Ibraeva, A.S. (2000). Ideia pravovogo hosudarstva kak novaia paradihma tsivilizovannogo obshchestva [The idea of the rule of law as a new paradigm of a civilized society]. *Vestnik Kazakhskoho natsionalnogo universiteta imeni Al-Farabi — KazNU named after Al-Farabi*, 2, 148–156 [in Russian].
- 13 Koka, Yu. (2003). Evropeiskoe hrazhdanskoe obshchestvo: istoricheskie korni i sovremennye perspektivy na Vostoke i Zapade [European civil society: historical roots and modern perspectives in the East and West]. *Neprikosnovennyi zapas — The untouchable reserve*, 2 (28), 56–63 [in Russian].
- 14 Laidi, Z. (2009). *Vystuplenie na Mezhdunarodnom kruhlom stole «Normativnaia sila» ES na mirovoi arene» [Speech at the EU Regulatory Force International «Roundtable on the World Stage»]*. Moscow: HU «VShE» [in Russian].
- 15 Kazarinova, D.B. (2009). Evropeiskoe hrazhdanskoe obshchestvo: problema stanovleniia [European Civil Society: the Problem of Formation]. *Vestnik RUDN. Seriiia Poliitohiia — Bulletin of RUDN University, Political Science Serie*, 4, 109–115 [in Russian].